**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Болашақ МДҰ
**Топ**: «Қарлығаш» ересек тобы
**Балалардың жасы**: 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**15.01-19.01.2023-2024 оқу жылы
**Топ тәрбиешілері: Төретаева Г.**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** 15.01.2024 | **Сейсенбі** 16.01.2024 | **Сәрсенбі** 17.01.2024 | **Бейсенбі** 18.01.2024 | **Жұма** 19.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күйімен қарсыалу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары( сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет) | | | | |
| | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. (Музыка) | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. | Үш түрлі смайликпен қарсы алу. | Балаларды амандасу бұрышында нейро жаттығулар арқылы қарсы алу. (Музыка | Достар әнімен қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Қыс мезгіліне арналған киіну үлгісі туралы кеңестер беру . | Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Күн тәртібін сақтауға | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. | Демалыс кезінде күн тәртібін сақтау, туралы кеңестер беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдылану. | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау жәнебасқалар) | Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары ( жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс | | | | |
| | **Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық»** **Мақсаты:** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды үйрету. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру,) | **Дидактикалық ойын: «Пішіндерді орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру) | **Дидактикалық ойын: Дидактикалық ойын: «Отбасы »** **Мақсаты:** Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. | **Дидактикалық ойын: «Қай кезде болады»** **Мақсаты:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру) | **Дидактикалық ойын: «Мұнара»** **Мақсаты:** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды үйрету. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,) | | құрастыру) |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 қаңтар (доппен)**<br>1. Кіріспе бөлімі Допты алдарында оңға-солға серпіп,тізені көтеріп адымда жүру. Допты жоғары көтеріп,аяқтың ұшында жүру. Допты алдарында домалатып,иіліп жүру.Тізені тік ұстауға тырысу. Допты аяқтың ортасына қысып,қос аяқта секіру. Допты кеуде тұсында ұстап,қырмен алшақ аяқта жылжу. Жүгіру. Бөлініп 3коллонаға тұру. Созылып арақашықтықты қадағалау. 2. Негізгі бөлімі 1. Б.қ допты кеуде тұсында ұстау.Допты оңға жоғары көтеруден бастыда сол жаққа бағыттау.Б.қ.к сол жаққада солай істеу. 2. Допты кезекпен тізеге тигізу.Тізені көтерумен. 3. Б.қ.: түзу тұру,аяқ алшақ, қолды түсіру. Допты жоғары артқа көтеруден,төмен түсіру иілумен,тізе бүгіп отырудан, бастапқы қалыпқа келу. 4. Б.қ.: аяқты айқастырып, еденге отыру. Оңға иілу допты өзінен алысырақ жүргізіп әкеліп, бастапқы қалыпқа оралу. Сол жаққа бұрылып тағы солай жасау. 5. Б.қ.: түзу тұру, аяқтың арасын иықтың көлемінде ашу, қолда доп . Алға иілуден тізе астынан төменнен допты өткізу, бастапқы қалыпқа оралу. Екінші аяқтан осылай өткізу. 6. Б.қ.: арқаға жату, доп қолда. Бір жақ аяқты түзу көтеріп, допты айналдырып өткізу, бастапқы қалыпқа оралу. Екінші аяғымен осылай жасау. 7.Допты аяқтың ортасында қысып,қос аяқта секіру. Кезектестіріп жәй жүру. 6-8р 6 -8р 6-8р 6р 6-8р 6-8р 6-8р 3. Қорытынды бөлімі Допты жоғары көтерумен дем алып,төмен түсіруден демді шығару Бір қатарға тұрып жәй жүру. 6-8р | | | | |
| Таңғы ас | **Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету;<br>**Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу :** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. ( **көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |
| | Ертегі «Жақсылық пен жамандық» **Мақсаты:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Дидактикалық ойын «Сақ бол» **Мақсаты:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | Дидактикалық ойын: «Мамандықтар» **Мақсаты:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | Дидактикалық ойын. "Ертегіні жалғастыр" **Мақсаты:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды | Дидактикалық ойын «Киіз үй жабдықтарын ата» **Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айта білу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік) | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдас-тырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br><br>Міндеті: : 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу<br>**Ұйымдастыру бөлімі:**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>Негізгі қимылды жаттығулар:<br>-10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша<br>- етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен | **Музыка**<br>Маман жоспарына сәйкес | **Дене шынықтыру**<br>Міндеті:<br>**Ұйымдастыру бөлімі:**<br>Міндеті: табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>Негізгі қимылды жаттығулар<br>1. табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу,<br>2.50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу<br>Қадағалау, | **Музыка**<br>Маман жоспарына сәйкес | **Дене шынықтыру**<br>(Таза ауада)<br>Міндеті: құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Ұйымдастыру бөлімі:**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Негізгі қимылды жаттығулар:<br>- құрсаудан еңбектеп өту<br>- гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу<br>- Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді.<br>Қадағалау, бақылау, көмек беру.<br>Қимылды ойын: «Қасқырлар мен лақтар»<br>Мақсаты: Балалар-дың ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау»<br>Еркін ойындар ойнау. | | бақылау, көмек беру.<br>Қимылды ойын:**«Құстардың ұшып келуі»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»<br>Еркін ойындар ойнау.<br>**Қазақ тілі**<br>Міндеті: | | гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Қадағалау, бақылау, көмек беру.<br>Қимылды ойын:**«Кім көп тас жинайды?**<br>**Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлық-тарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.Қадағалау, бақылау, көмек беру.Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге<br>Шаттық шеңберінде:<br>«Қайырлы таң»<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, бала-бақшам<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? | | Еркін ойындар ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата»**<br>Артикуляциялық жаттығу: «Сағат тілі»<br>Сергіту сәті:<br>Ал ,балалар тұрайық, Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп, бір Отырып, бір тұрып , Сәл тынығып алайық. (Қимылмен орындайды, қайталайды)<br>Қорытындылау.<br>Балаларды жетондармен мадақтау | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты)**,дұрыс киіне білулерін бақылау **( Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** -бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу | **Серуен №11**<br>**Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: адам еңбегін | **Серуен №12**<br>**Саябаққа саяхат.**<br>Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері | **Серуен №13**<br>**Күн көзін бақылау.**<br>Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен | **Серуен №14**<br>**Ауа райының жайсызжағдайын бақылау.**<br>Ауа райының жайсыз | **Серуен №15**<br>**Саябаққа саяхат.**<br>**Мақсаты:** балалардың қыс жөніндегі түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| -кимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;<br>-балалардың дербес әрекеті; | жеңілдететін машинаме таныстыруды жалғастырып, қоршаға орта білімдерін толықтыру.<br>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңлдетсем» деге тақырыпқа шағын әңгім құрастыру.<br>Сұрақтар:<br>1. Бұл машинаның аты қалай?<br>2. Ол не істейді?<br>3. Ол қарды қалай жинайды?<br>4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін та қандай машиналарды білесінде<br>Көркем сөз:<br>Кәне, кімнің бойы ұзын<br>Паровозы ол поездың.<br>Қатар-қатар тұратың<br>Поезды біз құрайық.<br>**Еңбек**:гүлзарға,ыдыска түрлі-түсті мұзды қатырып қою.<br>Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдары арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру. | туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,ж ылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанаш ыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы.<br>Көркем сөз:<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардаң таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>**Еңбек**:гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. | (қыстың басы, ортасы,аяғымен ) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарадыжелтоқ санның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.<br>Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды.<br>Көркем сөз:<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>**Еңбек:** Аққала жасау.<br>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме-салаттарды құрату.<br>**Қимылды ойын:** | жағдайын бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну.<br>Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңікіліп жүреді.<br>Көркем сөз:<br>Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астың ораған ақ ьқармысың.<br>Алай-түлей бораның, язында,<br>Әппағым-ау аз – аздан шақтармысың?! | толықтыра түсу. Туған табиғатқа деген балалардың сүіспеншілігін қалыптастырып,артт ыру, оның ғажап сұлуғын балаларға сүйсіндіру.<br>Сұрақтар:<br>1.Қазір жылдың қай мезгілі?<br>2.Жердің беті қандай?<br>3.Күн көзінің нұры қандай?<br>4.Жылуы қандай, жылыта ма?<br>5.Сендер аязды сезінесіндер ме?<br>6.Бұрынан таныс ағаштардың, құстардың атын еске алып, олар туралы сұхбат жүргізу.Саябақты аралап,оның гүлденгенін сүйсіне білу.<br>Көркем сөз:<br>Күн мейрімін төгеді,<br>Жазаламай ешкімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жеке жұмыс:** шанғы т білуге үйрету.Шанғы жолымен сырғанай отырып жүру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аңшы мен қоян»<br>Мақсаты:нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру,өрмелеп жоғары шыға білу.<br>Жорамал:Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады. | Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру.<br>**Жеке жұмыс**:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Біз көңілді баламыз»<br>Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз.<br>Жұмбақтар:<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран)<br>Мәтел:<br>Қыстағы қар,жаздағы жаңбырЖерге жауған нұр. | «Жұп болып эстафета ойынын жүргіжу»<br>Мақсаты:<br>шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br><br>Жұмбақ;<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>Мақал:<br>Мезгіл жетсе,<br>Мұз да ерір. | **Еңбек:**Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс**:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру.<br>**Қимылды ойын:** Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу.<br>Жаңылпаштар:<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па? | Сәулесімен өбеді, кәрі еменді, өскінді, Жаз құшағы шуақты, күн анамыз сияқты.<br>**Еңбек:** Аққала жасау.<br>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс**: алға қойылған тосқауылдардан екі аяқпен бірдей секіріп, өте білу.(айналадағы жатқан заттарды да пайдалануға болады)<br>**Қимылды ойын**:<br>«Суық аяз»<br>**Мақсаты**: тез жүгіруге жүгірген баланы ұстап алуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | айтуға үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | |
| **Түскі ас** | **Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)<br>**Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **( тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітап оқу **( көркемдік қызмет)** | | | | |
| | Релаксация «Біздің аяқтарымыз демалады»<br>(Дене шынықтыру) | Халық ертегілерін оқып беру. (көркем әдебиет) | Тыныш музыка қосу.(музыка) | Ұйықтау туралы әңгімелеу.<br>(қазақ тілі) | Релаксация «Алақанға арналған ұйқы»<br>(Музыка) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.<br>2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.<br>5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу.<br>Тәрбиеші: Балалар кәне шеңбер құрайық.<br>Тыныс алу жаттығуы: | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табандар арқылы жүру.<br>Тәрбиеші: Балалар енді беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік.<br>Тәрбиеші: Балалар кәне жарты шеңберге тұрайық.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық.<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау - саламат болайық. | | | | | |
| **Бесін ас** | Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( **мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Дидактикалық ойын» «Боямақтар»<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру | Дидактикалық ойын. «Шырша»<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз | Дидактикалық ойын: «Саба»<br>**Мақсаты** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеуде | Дидактикалық ойын:<br>**Ертегі тыңда: «Сиқырлы іздер»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру | Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты**. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) | бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) | қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) | (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру | қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Бекетке допты жоғары төмен лақтыруды және қағып алуды үйрету. | Шахназға көлік құралдарымен автомобиль бөлшектерінің атауларын атай білуге үйрету | Мақсатқа құрылыс бөліктерін ажыратуды үйрету. | Аяулым «Аққала» өленің жаттатқызу және мәнерлеп айтуды үйрету | Айшаға құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін ажыратуға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Серуен №11**<br>Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аңшы мен коян»<br>Мақсаты:нысаңаға затты лақтырып тигізу, жугіру,өрмелеп жоғары шыға білу. | **Серуен №12**<br>Саябаққа саяхат.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Біз көңілді баламыз»<br>Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. | **Серуен №13**<br>Саябаққа саяхат.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жұп болып эстафета ойының жүргіжу»<br>Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. | **Серуен №14**<br>Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.<br>**Қимылды ойын:**<br>Мақсаты:<br>Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу. | **Серуен №15**<br>**Саябаққа саяхат.**<br>**Қимылды ойын**:<br>«Суық аяз»<br>**Мақсаты**: тез жүгіруге жүгірген баланы ұстап алуға жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |